

## Тақырып 9.

# ЕҢБЕК НАРЫҒЫ. ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ

# Дәріс жоспары

1. Еңбек нарығының мәні, қызметтері. Еңбек нарығындағы тепе-теңдік
2. Жұмыссыздықтың мәні, пайда болу себептері, зардаптары және түрлері. Оукен заңы
3. Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу
4. Қазақстандағы еңбек нарығының қазіргі жағдайы

**Еңбек нарығы** - бұл ерекше тауар – жұмыс күшін сату және сатып алумен байланысты экономикалық қатынастар жиынтығы; еңбекті жалақыға айырбастау механизмі орындалатын нарық.

**Еңбек нарығының негізгі субъектілері: 1.**

Кәсіпкерлер-ірі монополистер, шағын және орта бизнестің өкілдері

2. Жекелеген жұмыскерлер және кәсіподақтар

3. Мемлекет

# Еңбекке деген нарықтық сұраныстың факторлары:

- жұмыскерлермен өндірілетін тауарлар мен қызметтерге деген сұраныс көлемі;
- еңбек ресурстарына деген бағалардың деңгейі, яғни жалақы деңгейі;
- өндіріс үрдісіндегі капитал мен еңбектің өзара алмастырылу дәрежесі;
- экономикалық циклдың фазалары;
- елде орын алып отырған экономикалық жағдай немесе конъюнктура;
- ғылыми-техникалық прогресс;
- жұмыс берушілердің монополиялық әрекеттері.

## **Еңбек ұсынысына әсер ететін факторлар:**


- демографиялық факторлар;
- еңбек ресурстарының әртүрлі демографиялық және этникалық топтарының экономикалық белсенділік деңгейі;
- жұмыскерлердің зейнеткерлік жасы;
- еңбекке қабілетті халықтың имиграциясы;
- жұмыскерлердің кәсіби біліктілік дайындығының деңгейі;
- жұмыс күнінің ұзақтылығы;
- кәсіподақтардың жұмыс күшін монополиялық тұрғыдан сатудағы әрекеттері;
- жалақыдан басқа табыс алудың басқа да мүмкіндіктері;
- жұмыс орнын таңдау кезіндегі еңбек жағдайының қолайлылығы.

Еңбек нарығының екі негізгі қызметі бар:

**1. Экономикалық қызметі** – бұл еңбекке қабілетті халықтың ұдайы өндірісінің тиімді үрдістерін қамтамасыз етуден көрінеді.

**2. Әлеуметтік қызметі** – бұл жұмыскерлердің және олардың отбасыларының өмір сүру сапасының жоғары деңгейін қамтамасыз етумен сипатталады.

**Еңбек нарығындағы тепе-теңдік** – жалақының тепе-теңдік деңгейіне сәйкес еңбекке сұраныс пен еңбек ұсынысы тең болғанда жұмыс істегісі келетін барлық азаматтардың жұмыспен толық қамтылуын сипаттайтын жағдай.



Еңбек нарығындағы тепе-теңдік

Еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері:

- 1) экономикалық белсенді халық**  
(бұл топқа жұмыс күші жатады, ол өз кезегінде жұмыспен қамтылғандар және жұмыссыздар болып бөлінеді);
- 2) экономикалық белсенді емес халық** (бұлар жұмыс күші құрамына кірмейтін оқушылар, зейнеткерлер, т. б.).



**Жұмыс күші** – бұл адамның еңбекке деген қабілеттілігі; адамдардың игіліктерді өндіру үрдісіндегі физикалық және ой қабілеттіліктерінің жиынтығы; елдегі жұмыскерлердің жалпы саны; жұмыспен қамтылған мен жұмыспен қамтылмаған (жұмыссыздар) халықтың бір бөлігі.

**Жұмыссыздық** – бұл еңбек ұсынысының еңбекке деген сұраныстан артып кетуі; еңбекке жарамды халықтың жұмыс таба алмауы немесе жұмыспен қамтылмауы. Еңбек нарығында тепе-теңдік орын алғанда экономикада толық жұмысбастылық қалыптасады. Бірақ ақпараттың жетілмегендігінен еңбекке қабілетті халықтың белгілі бір бөлігі жұмыс таппай қалады.

Жұмыссыздықтың негізгі көрсеткіштері:

- 1) Жұмыссыздықтың деңгейі;
- 2) Жұмыссыздықтың ұзақтылығы.

жұмыссыздық деңгейі жұмыссыздар санының жұмыс күшінің жалпы санына (жұмыс істейтіндер мен жұмыс істемейтіндер санының сомасына) қатынасы арқылы анықталады және пайыздық көрсеткішке ие болады:

$$u = U / L \times 100\% \text{ немесе, } u = U / E + U \times 100\%$$

мұндағы,  $u$  – жұмыссыздық деңгейі,  $U$  - жұмыссыздар саны,  $L$  – жұмыс күші,  $E$  – жұмыспен қамтылғандар саны.

## **Жұмыссыздықтың негізгі түрлері:**

- 1) фрикциондық жұмыссыздық** – адамдардың әртүрлі өмір кезеңдерінде бір жұмыс орнынан басқа бір жұмыс орнына тұрақты түрде ауысып отыруына байланысты туындайтын қысқа мерзімдегі еркін жұмыссыздық;
- 2) құрылымдық жұмыссыздық** – еңбек ұсынысы мен еңбекке деген сұраныстың сәйкес келмеуінен пайда болатын мәжбүрлі ұзақ мерзімді жұмыссыздық;
- 3) циклдік жұмыссыздық** – өндіріс деңгейінің құлдырауынан немесе жиынтық сұраныстың жалпы төмендеуіне байланысты кез-келген мамандық бойынша жұмыс таба алмаудан орын алатын жаппай жұмыссыздықтың аса ауыр түрі.

## Жұмыссыздықтың басқа да түрлері:

1. Уақытша жұмыссыздық;
2. Технологиялық жұмыссыздық;
3. Маусымдық жұмыссыздық;
4. Жастар жұмыссыздығы;
5. Тұрақтамайтын (текучая) жұмыссыздық;
6. Тұралау (застойная) жұмыссыздығы;
7. Жасырын жұмыссыздық.

XX ғасырдың 60-шы жылдары американдық экономистер М. Фридмен мен Э. Фелпс «толық жұмысбастылық» және «жұмыссыздықтың табиғи деңгейі» деген ұғымдарды енгізген.

**Толық жұмысбастылық** – бұл жұмыс күшінің жалпы санында 5,5% және 6,5% мөлшерінде жұмыспен қамтылмағандардың үлесін сақтап тұру, яғни бұл жағдай тек циклдік жұмыссыздық болмағанда ғана орын алады. Бұл көрсеткіштер әр елде әртүрлі болуы мүмкін, бірақ толық жұмысбастылықты жұмыс күшінің 100% жұмыс істеуі деп айтуға болмайды.

**Жұмыссыздықтың табиғи деңгейі** – бұл потенциалды ЖІӨ-ге сәйкес келетін толық жұмысбастылық кезіндегі жұмыссыздық деңгейі:

$$u^* = U^* / R = s / s + f$$


мұндағы,  $u^*$  – табиғи жұмыссыздық деңгейі,  $U^*$  – фриktionдық және құрылымдық жұмыссыздар саны немесе оларға жұмыс орны табылатын жұмыссыздар,  $R$  – еңбекке жарамды жастағы халықтың саны,  $s$  – ай сайын жұмысын жоғалтатын жұмысшылардың үлесі,  $f$  – ай сайын жұмыс табатын жұмыссыздардың үлесі.

Жұмыссыздық пен өнім көлемі арасындағы өзара байланыс **Оукен заңы** деп аталады. Оукен заңына сәйкес жұмыссыздықтың нақты деңгейі өзінің табиғи деңгейінен 1%-ға өссе, онда нақты ЖІӨ деңгейі потенциалды ЖІӨ-ге қарағанда 2,5%-ға қысқарады. Ал 2,5% **Оукен коэффициенті** деп аталады. Оукен заңы игіліктер нарығы мен еңбек нарығы арасындағы өзара байланысты сипаттайды. Оукен заңы мынадай формуламен жазылады:

$$Y^* - Y / Y^* = \gamma (u - u^*),$$

мұндағы,  $Y^*$  - толық жұмысбастылық жағдайындағы өндірістің потенциалды көлемі;  $Y$  – ұлттық өндірістің нақты көлемі;  $u$  – жұмыссыздықтың нақты деңгейі;  $u^*$  - жұмыссыздықтың табиғи деңгейі;  $\gamma$  – Оукен коэффициенті. Осының нәтижесінде өндіріс көлемінің жұмыссыздықтың нақты деңгейіне тәуелді екендігін байқауға болады.

**Оукен қисығы** – бұл ұлттық өндіріс көлемі мен жұмыссыздықтың нақты деңгейі арасындағы кері тәуелділікті сипаттайтын графикалық көрініс.



Оукен қисығы

Жұмыссыздықтың табиғи деңгейінің шамасына бірқатар факторлар әсер етеді:

- 1) демографиялық факторлар;
- 2) жалақының қалыптасқан төменгі деңгейі;
- 3) кәсіподақтардың ықпалы және т.б.

Циклдік жұмыссыздықтың дамуы оның нақты деңгейінің табиғи деңгейінен асып түсуін сипаттайды:

$$u_k \text{ (циклдік жұмыссыздық деңгейі)} = u \text{ (жұмыссыздықтың нақты деңгейі)} - u^* \text{ (табиғи жұмыссыздық деңгейі)}.$$

Жұмыссыздықтың экономикалық шығындары осы циклдік ауытқумен сипатталады, яғни ЖІӨ-нің нақты деңгейінің оның әлеуетті деңгейінен қалып отыруын білдіреді:

$$\text{циклдік ауытқу} = Y^* - Y$$

мұндағы,  $Y^*$  - толық жұмысбастылық жағдайындағы өндірістің әлеуетті көлемі;  $Y$  – өндірістің нақты көлемі.



## Жұмыссыздықтың экономикалық және әлеуметтік зардаптары:

- 1) қоғамның экономикалық әлеуетінің толық пайдаланылмауы;
- 2) жұмыстан шығып қалған жұмысшылардың біліктілік деңгейлерінің жоғалуы;
- 3) халықтың әртүрлі әлеуметтік топтары арасында жұмыссыздық шығындарын тең бөлмеудің орын алуы;
- 4) ұлттың психикалық денсаулығының бұзылуы;
- 5) қылмыс жасауға қолайлы негіздердің пайда болуы.

**Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу** – бұл үкіметтің толық, тиімді және еркін жұмысбастылықты қамтамасыз етуге көмек беру үшін оңтайлы саясатты жүзеге асыру шаралары.

**Еңбек нарығын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары:**

1) Еңбек ресурстарын жұмыспен қамтудың санын арттыруды ынталандыру және мемлекеттік секторда жұмыс орындарының санын ұлғайту бойынша бағдарламалар.

2) Жұмыскерлерді даярлау және қайта даярлау бойынша бағдарламалар.

3) Жұмыссыздықты әлеуметтік сақтандыру бойынша бағдарламалар (жұмыссыздық бойынша жәрдемақылар).

4) Жұмыскерлерді жалдауға қолдау көрсету бойынша бағдарламалар.

Еңбек нарығын реттеуде маңызды орынды еңбек биржалары алады.

**Еңбек биржасы** – бұл жұмыс күшін сату және сатып алуды жүзеге асыратын жұмыскерлер мен кәсіпкерлер арасында делдалдық қызметтер көрсететін ұйымдар болып табылады. Бұлар жұмыссыздықты түгел жоя алмаса да, жұмысқа орналастыру және жұмыскерлерді жалдау үрдісінің дұрыс ұйымдастырылуына және тиімді жүзеге асуына мүмкіндік береді.

## Қазақстандағы еңбек нарығының қазіргі негізгі көрсеткіштері

ҚР статистика Агенттігінің 2010-жылдың бірінші жартылдығының ресми мәліметтері бойынша:

1. Экономикалық белсенді халық – **8 620,4 мың адам.**
2. Экономикалық белсенді халықтың деңгейі – **71,2 %**
3. Экономикалық белсенді емес халық – **3 378,7 мың адам.**
4. Экономикалық белсенді емес халықтың деңгейі – **28,8 %**
5. Жұмыспен қамтылған халықтың саны – **8 116,5 мың адам.**
6. Жұмыссыз жүрген халық саны – **503,9 мың адам.**
7. Жұмысбастылық деңгейі – **94,2 %**
8. Жұмыссыздық деңгейі – **5,8 %**
9. Жалдамалы жұмысшылар – **5 383,3 мың адам.**
10. Жалдамалы жұмысшылардың жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы үлесі – **66,3 %**
11. Өздігінен қамтылғандар (самозанятые) – **2 733,2 мың адам.**
12. Өздігінен қамтылғандардың жұмыспен қамтылғандардың жалпы санындағы үлесі – **33,7 %**
13. 15-24 жас аралығындағы жұмыссыздар – **68,2 мың адам.**
14. Жастар жұмыссыздығының деңгейі (15-24 жастағы) – **5,2 %**
15. Ұзақ мерзімдік жұмыссыздық деңгейі – **2,2 %**

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ !!!